



«БЕКІТЕМІН»

«Дарын» РҒПО директоры

Г. Турсунов

«22» 09 2025 г.

**9–11 (12) сынып оқушыларына арналған қаржылық сауаттылық пен
қауіпсіздік бойынша республикалық олимпиаданы ұйымдастыру және
өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер 9–11 (12) сынып оқушыларына арналған Қаржылық сауаттылық және қауіпсіздік бойынша Республикалық олимпиаданы (бұдан әрі – Олимпиада) ұйымдастыру және өткізу тәртібін, Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етілуін, оған қатысу және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау тәртібін айқындайды.

2. Ереже 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Мемлекет басшысының Жолдауын, сондай-ақ «Мектептер, орта арнаулы және жоғары оқу орындары үшін қаржылық сауаттылық негіздері бойынша оқу бағдарламаларының жобасын әзірлеу» атты Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 71-тармағын және Оқу-ағарту министрлігінің Жол қартасын іске асыру мақсатында әзірленді.

3. Олимпиаданы ұйымдастырушылары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі болып табылады.

2. Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері

1. Олимпиаданың мақсаты – қаржылық сауаттылық пен қауіпсіздік саласында терең білім, дағды және қабілеттерге ие талантты жастарды анықтау, сондай-ақ мектеп оқушылары арасында қаржылық сауаттылық пен қауіпсіздік бойынша білімді насихаттау және танымал ету.

2. Олимпиаданың міндеттері:

- оқушылардың қаржылық шешім қабылдау кезінде қауіпсіз қаржылық мінез-құлық пен сыни ойлау дағдыларын дамыту;

Handwritten signature and date: 2025

- оқушылардың әртүрлі қаржылық ақпарат көздерімен жұмыс істеу біліктілігін дамыту, сондай-ақ қаржылық құралдарды пайдалану және қаржылық тәуекелдерден қорғану бойынша практикалық дағдыларын қалыптастыру;

- жобалық және зерттеушілік ойлауды дамыту, қаржылық сауаттылық пен қауіпсіздік бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізуде практикалық тәжірибе алу;

- алған міндеттемелер үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыру, қаржылық қызметтер тұтынушысының құқықтары бұзылған жағдайда оларды қорғаудың мүмкіндігі мен қажеттілігін түсіну.

3. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу

1. Олимпиаданы дайындау мен өткізу бойынша ұйымдастырушылық жұмыстарды үйлестіру және ақпараттық-технологиялық қамтамасыз ету мақсатында «Дарын» РҒПО директорының бұйрығына сәйкес Ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітіледі.

2. Олимпиаданың Ұйымдастыру комитеті:

1) Олимпиаданың төрт кезеңін (мектептік, аудандық/қалалық, облыстық және республикалық) өткізу жалпы тәртібін айқындайды;

2) осы Ережеде белгіленген Олимпиада кезеңдерінің өткізілуін бақылауды жүзеге асырады;

3) Олимпиадаға тікелей басшылықты жүзеге асырады;

4) Олимпиаданың қорытындыларын талдайды және жинақтайды.

3. Олимпиаданың Әдістемелік кеңесі:

1) олимпиаданың барлық кезеңдерінің қазақ және орыс тілдеріндегі тапсырмаларының түпкілікті нұсқасын әзірлейді;

2) Олимпиаданың барлық кезеңдерін өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлейді (турлардың саны мен бағыты, әр турдың ұзақтығы, қажетті жабдықтар тізімі);

3) Олимпиада кезеңдерін өткізу нысанын, тапсырмалар түрлерін және бағалау критерийлерін айқындайды;

4) ұсынылатын тапсырмалардың ғылыми-әдістемелік деңгейіне, олардың Олимпиаданың нақты осы кезең талаптарына сәйкестігі мен дұрыстығына, сондай-ақ тапсырмалардың аутентті аудармасына жауап береді;

5) тиісті кезеңдер өткізілгенге дейін тапсырмалардың құпиялылығына жеке жауапты болады;

4. **Республикалық кезеңнің қазылар алқасы.** Олимпиаданың республикалық кезеңінің қазылар алқасының құрамына қазылар алқасының төрағасы және мүшелері кіреді. Қазылар алқасының құрамы тақ санмен айқындалады (кемінде 5 адам). Қазылар алқасының құрамына жоғары оқу орындарының оқытушылары, әдіскерлер, тәжірибелі мұғалімдер және біліктілігі жоғары

білім басқару органдарының өкілдері, сондай-ақ республикалық және халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары енгізілуі мүмкін. Олимпиаданың республикалық кезеңіне оқушылары қатысып жатқан мұғалімдер қазылар алқасының құрамына кіргізілмейді.

5. Олимпиаданың республикалық кезеңінің қазылар алқасының төрағасы:

1) Әдістемелік кеңеспен бірлесе отырып, Олимпиаданың барлық кезеңдеріне арналған тапсырмалар мәтінінің соңғы нұсқасын әзірлейді және құрастырады;

2) ұсынылатын тапсырмалардың ғылыми-әдістемелік деңгейіне, олардың осы кезең талаптарына сәйкестігі мен дұрыстығына, сондай-ақ тапсырмалардың аутентті аудармасына жауап береді;

3) тиісті кезеңдер өткізілгенге дейін тапсырмалардың құпиялылығына жеке жауапты болады;

4) Олимпиаданың регламенттерін (турлардың саны мен бағыты, әр турдың ұзақтығы, қажетті жабдықтар тізімі), тапсырмаларды орындауды бағалау критерийлері жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу бойынша қазылар алқасы мүшелерінің жұмысын ұйымдастырады.

6. Олимпиада қазылар алқасы:

1) тапсырмаларды орындауды бағалау критерийлерін бекітеді, жұмыстарды тексереді және бағалайды, қатысушыларды жұмыстарды тексеру нәтижелерімен және тапсырмалардың авторлық шешімдерімен таныстырады;

2) қатысушылардың жұмыстарын бағалау барысында туындаған даулы мәселелерді талқылайды және қажет болған жағдайда сәйкес түзетулер енгізеді;

3) жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтап, олардың тізімін бекіту үшін «Дарын» РҒПО-на жолдайды;

4) Олимпиада қатысушыларымен орындалған тапсырмаларды үйлестіруді жүргізеді.

4. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1. Олимпиаданы оқу жылы бойы білім беруді басқарудың тиісті органдары 9-11 (12) сынып оқушылары арасында төрт кезеңде өткізеді. Олимпиаданың бірінші-үшінші кезеңдерін ұйымдастыру және өткізу үшін облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының, республикалық білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – РББҰ), «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының (бұдан әрі- «НЗМ» ДББҰ) басшылары Ұйымдастыру комитетін құрады және бекітеді.

2. Облыстық ұйымдастыру комитетінің құрамына төраға және ұйымдастыру комитетінің мүшелері кіреді. Төраға ретінде облыстардың, Астана, Алматы

және Шымкент қалаларының білім басқармаларының, РББҰ мен «НЗМ» ДББҰ басшысы айқындалады.

Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті:

- Олимпиада кезеңдерін өткізуге басшылықты жүзеге асырады;
- Олимпиада кезеңдерін өткізуді ұйымдастырады;
- Олимпиада кезеңдерін өткізу орнын анықтайды;
- Олимпиада кезеңдерін өткізуді үйлестіреді және бақылайды;
- Олимпиада кезеңдерін өткізу қорытындыларын талдайды және жинақтайды;
- Олимпиаданың кезеңдерін өткізудің қорытындылары туралы есепті «Дарын» РҒПО-на жолдайды;
- кезең қорытындысы бойынша білім беру ұйымдарының рейтингін жасайды;
- іс-шараны өткізудің ашықтығы мен академиялық адалдығын бақылау үшін мүдделі емес «үшінші тұлғаларды» (ата-аналар комитетінің өкілдері, журналистер, ғалымдар немесе ЖОО оқытушылары) шақырады;
- Олимпиада кезеңдерін өткізу барысында академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға жауапты болады.

1) бірінші (мектепшілік) кезең ағымдағы оқу жылының 20 қазанынан кешіктірілмей облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жалпы орта білім беру ұйымдарында, РББҰ, «НЗМ» ДББҰ өткізіледі.

2) екінші (аудандық/қалалық) кезеңді ауданның (қаланың), Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармасы, РББҰ, «НЗМ» ДББҰ аудандық немесе қалалық деңгейде ағымдағы оқу жылының 20 қарашасынан кешіктірмей өткізеді.

3) үшінші (облыстық) кезеңді облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, РББҰ, «НЗМ» ДББҰ ағымдағы оқу жылының 15 желтоқсанынан кешіктірмей өткізеді. РББҰ білім алушыларының осы кезеңдегі қатысуы «Дарын» РҒПО бақылауымен жүзеге асырылады.

4) төртінші (республикалық) кезең Астана қаласында ағымдағы оқу жылының 20 мамырынан кешіктірілмей өткізіледі.

3. Олимпиаданың барлық кезеңдеріне арналған тапсырмалар жинақтарымен және бірінші (мектеп) кезеңіне арналған дұрыс жауаптармен «Дарын» РҒПО қамтамасыз етеді.

4. Олимпиаданың әр кезеңінің қорытындысы бойынша облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, РББҰ, «НЗМ» ДББҰ белгіленген нысан бойынша «Дарын» РҒПО-на талдау мен есептерді жолдайды.

5. Олимпиаданың бірінші (мектеп) кезеңі облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының орта білім беру ұйымдарында, аудандық білім бөлімдерінің, РББҰ, «НЗМ» ДББҰ басшылығымен офлайн форматта өтеді. Бұл кезеңге қатысуға ниет білдірген барлық оқушылар қатыса алады. Тапсырмалар аудандық білім бөліміндегі жауапты үйлестірушіге жіберіледі, ал ол өз кезегінде әрбір қатысушыны қажетті материалдармен қамтамасыз етуге міндетті.

Мектепшілік кезеңнің қорытындысы бойынша әр ауданнан оқу тіліне қарамастан ең жоғары нәтиже көрсеткен 30 оқушыдан аспайтын қатысушы іріктеледі. Осы 30 оқушы екінші (аудандық/қалалық) кезеңге қатысу құқығына ие болады.

6. Олимпиаданың екінші (аудандық/қалалық) кезеңі Safe Exam Browser платформасында онлайн-форматта өткізіледі. Олимпиада кезінде бір ауданнан екінші кезеңнің барлық қатысушылары бір білім беру ұйымында және бір кабинетте болуы тиіс, өйткені аудиториядан YouTube арқылы онлайн-трансляция қамтамасыз етіледі. Тапсырмалардың таралуын болдырмау мақсатында «Дарын» РҒПО арнайы су таңбасы бар тапсырмалармен қамтамасыз етеді. Тапсырмалардың таралуы немесе Олимпиада тапсырмаларына қатысты кез келген ақпараттың сыртқа шығуы анықталса, аталған ауданның барлық қатысушыларының жұмыстары түгелдей және анықталған уақытқа қарамастан жарамсыз деп танылады. Платформаны пайдалану жөніндегі нұсқаулық әр ауданның жауапты үйлестірушісіне қосымша жіберіледі.

Аудандық/қалалық кезеңнің қорытындысы бойынша облыстық кезеңге оқу тіліне қарамастан ең жоғары балл жинаған облыс бойынша 30 қатысушыдан аспайтын қатысушылар жіберіледі.

7. Олимпиаданың үшінші кезеңі Safe Exam Browser платформасында онлайн-форматта өткізіледі. Облыстық кезеңнің барлық 30 қатысушыны бір білім беру ұйымында және бір кабинетте отырғызу қажет, өйткені аудиториядан YouTube арқылы онлайн-трансляция қамтамасыз етіледі. Тапсырмалардың таралуын болдырмау мақсатында «Дарын» РҒПО арнайы су таңбасы бар тапсырмалармен қамтамасыз етеді. Тапсырмалардың таралуы немесе Олимпиада тапсырмаларына қатысты кез келген ақпараттың сыртқа шығуы анықталса, аталған облыстың барлық қатысушыларының жұмыстары түгелдей және анықталған уақытқа қарамастан жарамсыз деп танылады.

Платформаны пайдалану жөніндегі нұсқаулық әр ауданның жауапты үйлестірушісіне қосымша жіберіледі.

8. Олимпиаданың бірінші-үшінші кезеңдері 30 сұрақтан тұратын тестілеуді қамтиды. Әрбір тест сұрағына 4 (төрт) жауап нұсқасы берілген, оның ішінде дұрыс жауап 1 (бір) ғана болады. Бірінші-үшінші кезеңдердегі тестілеу

стаж - Жауап

уақыты 60 минут. Тестілеу үшін ең жоғары баллды «Дарын» РҒПО анықтайды. Тестілеу тұрақты интернет желісіне қосылған дербес компьютерлермен (бұдан әрі – ДК) жабдықталған аудиторияларда «1 парта – 1 оқушы – 1 компьютер» ережесі сақтала отырып жүргізіледі. *Олимпиаданың үшінші (облыстық) кезеңіне қатысу шеңберінде қатысушылар терең білім мен дағдыларды талап ететін неғұрлым күрделі тест тапсырмаларын орындайды.*

9. Қатысушылар тестілеуден тек бір рет өте алады, олимпиаданың бірінші-үшінші кезеңдерінде қайта тапсыруға және жұмыс нәтижелеріне апелляция беруге жол берілмейді. Жұмыстарды үйлестіруге және апелляцияға тек төртінші (республикалық) кезеңде ғана рұқсат етіледі.

10. Облыстық кезеңнің қорытындысы бойынша әрбір облыстан, Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан, РББҰ мен «НЗМ» ДББҰ ең жоғары балл жинаған алты оқушы іріктеледі және республикалық кезеңге қатысуға жіберіледі. Үшінші кезеңнің қорытынды нәтижелерін «Дарын» РҒПО қалыптастырады және келесі кезеңге өткен қатысушыларды көрсете отырып, өңірлік ұйымдастыру комитеттеріне жібереді.

11. Төртінші (республикалық) кезеңге жіберілген оқушылардың тізімін «Дарын» РҒПО директоры бекітеді.

12. Қорытынды төртінші (республикалық) кезең Астана қаласында оффлайн форматта өткізіледі және 2 (екі) турдан тұрады: бірінші тур - жазбаша, екінші тур - ауызша:

1) бірінші тур (жазбаша) 25 сұрақтан тұратын тест (орындау уақыты - 50 минут) және жазбаша ашық сұрақтар (2 сұрақ, 50 минут) түрінде өтеді.

2) екінші тур (ауызша) 2 сұрақтан тұрады, әр сұраққа жауап дайындауға 10 минут уақыт беріледі. Екі турдың нәтижесі бойынша республикалық кезеңнің жеңімпаздары мен жүлдегерлері анықталады.

13. Төртінші (республикалық) кезеңнің турларына берілген ұпаймен келіспеген жағдайда, қатысушы үйлестіру мерзімі ішінде Олимпиада ұйымдастыру комитетінің төрағасына жүгінеді, ол бұл мәселені шешу үшін мамандар қатарынан комиссия құрады.

14. Олимпиаданың төртінші (республикалық) кезеңіндегі екі тур аяқталғаннан кейінгі келесі күні жұмыстарды үйлестіру және апелляция жүргізіледі.

5. Жеңімпаздарды анықтау тәртібі

1. Олимпиаданың бірінші-үшінші кезеңдерінде балл тең болған жағдайда, тапсырмаларды орындауға аз уақыт жұмсаған қатысушы артықшылыққа ие болады.



2. Төртінші (республикалық) кезеңнің ауызша турында:

1) әрбір қатысушыны кемінде 5 қазылар мүшесі (немесе тақ санды басқа бір мөлшерде) бағалайды;

2) қазылар алқасының әрбір мүшесі баға қояды;

3) әрбір қатысушы бойынша қазылар алқасының барлық мүшелерінің бағалары негізінде орташа балл есептеледі;

4) қатысушылардың қорытынды рейтингі орташа балл негізінде қалыптастырылады.

3. Төртінші (республикалық) кезеңнің нәтижелері бойынша Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері анықталады.

4. Төртінші (республикалық) кезеңде орташа балл тең болған кезде бірінші (жазбаша) турда көп балл жинаған қатысушыға артықшылық беріледі.

5. Егер теңдік сақталса, бірінші турдағы тапсырмаларды орындауға жұмсалған уақыт есептеледі.

6. Олимпиада қорытындылары мен қатысушыларды марапаттау

1) Олимпиаданың бірінші (мектепшілік), екінші (аудандық/қалалық) және үшінші (облыстық) кезеңдерінің барлық қатысушыларына «Дарын» РҒПО тарапынан қатысқанын растайтын электрондық сертификаттар беріледі. Төртінші (республикалық) кезеңнің қатысушылары мен жүлдегерлеріне «Дарын» РҒПО қағаз түріндегі сертификаттар табыстайды.

2) Олимпиаданың төртінші (республикалық) кезеңіндегі жеңімпаздар мен жүлдегерлердің саны жалпы қатысушылар санының 45 пайызын құрайды және олар I, II, III дәрежелі дипломдармен, медальдармен, сондай-ақ «Дарын» РҒПО грамоталармен марапатталады.

3) Олимпиаданың төртінші (республикалық) кезеңінде I, II және III дәрежелі дипломдар мен медальдардың саны келесі үлес бойынша анықталады: жеңімпаздар мен жүлдегерлердің жалпы санының 50% - III дәрежелі дипломдармен және қола медальдармен, 30% - II дәрежелі дипломдармен және күміс медальдармен, 20% - I дәрежелі дипломдармен және алтын медальдармен марапатталады.

7. Қорытынды ережелер

1. Осы Ережелерге өзгерістер мен толықтырулар «Дарын» РҒПО директордың бұйрығымен енгізіледі.



2. Осы Ережелерде қарастырылмаған мәселелер бойынша шешімді Олимпиаданың Ұйымдастыру комитеті қабылдайды.

А.А.А. - А.А.А. А.А.А.